



Өңірлердегі инфляциялық үрдістер

2023 жылғы ақпан

2023 жылғы ақпанда жылдық инфляция 21,3%-ды құрады (қаңтарда – 20,7%). Азық-түлік тауарларының бағасы бір жылда 26,2%-ға (қаңтарда – 25,7%), азық-түлікке жатпайтын тауарлардың бағасы 20,5%-ға (қаңтарда – 20,2%), ақылы көрсетілетін қызметтер бағасы 15,0%-ға (қаңтарда – 14,2%) өсті.

Өңірлер бойынша жылдық инфляция 17 өңірде жеделдеді, ал 3 өңірде баяулады. Жылдық инфляция 9 өңірде жалпы республикалық деңгейден жоғары болды. Жылдық инфляцияның ең жоғарғы мәні Маңғыстау облысында (25,1%), Астана қаласында (23,5%) және Ақмола облысында (22,4%) тіркелді.

1-сурет. Өңірлердегі жылдық инфляция (2022 ақпан – 2023 ақпан), %-бен

Маңғыстау	8,7 25,1	Қазақстан Республикасы	8,7 21,3
Астана қ.	8,9 23,5	Жетісу	21,1
Ақмола	9,3 22,4	Шығыс Қазақстан	9,2 20,9
Солтүстік Қазақстан	8,5 22,1	Батыс Қазақстан	8,7 20,9
Қостанай	8,5 21,7	Шымкент қ.	8,5 20,8
Павлодар	8,5 21,7	Жамбыл	8,1 20,8
Ұлытау	21,6	Қызылорда	8,3 20,8
Ақтөбе	9,0 21,5	Абай	20,7
Түркістан	9,2 21,5	Алматы қ.	8,5 20,7
Қарағанды	9,2 21,3	Атырау	8,5 20,3
		Алматы	8,4 19,3

Дереккөзі: ҚР СЖРА ҰСБ

Қазақстанда **азық-түлік** тауарлары ел бойынша деңгейден (26,2% ж/ж) жоғары Маңғыстау (32,1%) облысында, Шымкент қаласында (28,6%), Түркістан (27,9%), Қызылорда (27,0%), Солтүстік Қазақстан (26,9%) облыстарында, Астана қаласында (26,5%), Жамбыл мен Павлодар (26,4%-дан), Ақтөбе мен Қостанай (26,3%-дан) облыстарында қымбаттады.

Азық-түлікке жатпайтын тауарлардың бағасы елдегі бағадан (20,5% ж/ж) жоғары Астана қаласында (31,3%), Шығыс Қазақстан (22,5%), Солтүстік Қазақстан (21,4%), Түркістан (21,0%), Жетісу (20,7%) және Абай (20,6%) облыстарында өсті.

Ақылы көрсетілетін қызмет бағасы 15,0% ж/ж өсті, бұл ретте Ақмола (20,2%), Маңғыстау (19,9%), Ұлытау (18,5%), Павлодар (17,1%), Ақтөбе облыстарында және Алматы қаласында (16,9%-дан), Қостанай (16,6%), Қарағанды (16,3%), Солтүстік Қазақстан (15,7%) және Батыс Қазақстан (15,3%) облыстарында жалпы республикалық деңгейден жоғары өсті.

1-кесте. Өңірлер бойынша ТБИ негізгі құрауыштары, %-бен, ж/ж

Өңір	Азық-түлік инфляциясы	Азық-түлік жатпайтын инфляция	Ақылы қызметтер инфляциясы
Қазақстан Республикасы	26,2	20,5	15,0
Ақмола	26,0	19,9	20,2
Ақтөбе	26,3	18,9	16,9
Алматы	25,2	16,1	13,7
Атырау	26,2	20,2	11,3
Батыс Қазақстан	25,9	19,3	15,3
Жамбыл	26,4	19,7	13,8
Қарағанды	26,1	19,8	16,3
Қостанай	26,3	20,2	16,6
Қызылорда	27,0	19,7	12,7
Маңғыстау	32,1	20,2	19,9
Павлодар	26,4	19,5	17,1
Солтүстік Қазақстан	26,9	21,4	15,7
Түркістан	27,9	21,0	12,5
Шығыс Қазақстан	24,7	22,5	13,8
Астана қ.	26,5	31,3	12,6
Алматы қ.	24,6	19,4	16,9
Шымкент қ.	28,6	19,7	11,2
Абай	25,5	20,6	13,8
Жетісу	25,5	20,7	14,9
Ұлытау	25,0	19,9	18,5

Дереккөзі: ҚР СЖРА ҰСБ

2023 жылғы ақпанда елдегі айлық инфляция 1,3% болды, бұл соңғы 5 жылдағы (2018-2022 жылдары: 0,6%) ақпандағы инфляцияның орташа мәнінен біршама жоғары. Қызылорда облысын қоспағанда, барлық өңірлерде 2023 жылғы ақпанда баға орташа тарихи нормасынан жоғары өсті. Айлық инфляцияның ең жоғары мәні Алматы облысында (1,8%) байқалды.

2-кесте. 2023 жылғы ақпандағы айлық инфляцияны 2018-2022 жылдардағы кезеңдегі орташа мәнмен салыстыру, %-бен

Өңірлер	5 жылдағы ақпанның орташа мәні	2023 жылғы ақпан	Өңірлер	5 жылдағы ақпанның орташа мәні	2023 жылғы ақпан
Қазақстан Республикасы	0,6	1,3	Жетісу	-	1,2
Алматы	0,4	1,8	Атырау	0,7	1,1
Қарағанды	0,8	1,7	Шығыс Қазақстан	0,7	1,1
Түркістан	0,7	1,6	Алматы қ.	0,6	1,1
Ұлытау	-	1,6	Солтүстік Қазақстан	0,8	1,0
Қостанай	0,5	1,5	Астана қ.	0,7	1,0
Павлодар	0,7	1,5	Шымкент қ. ¹	0,8	1,0
Маңғыстау	0,5	1,4	Батыс Қазақстан	0,5	0,8
Ақтөбе	0,6	1,3	Абай	-	0,8
Ақмола	0,6	1,2	Қызылорда	0,7	0,7
Жамбыл	0,4	1,2			

Дереккөзі: ҚР СЖРА ҰСБ, ҚРҰБ есептеулері

¹ Шымкент қаласы бойынша соңғы 4 жылдағы (2019-2022 жж.) орташа мән